

## Кеңес «Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі»

Ер балаға әкенің достығы және көмегі қажет. Ұл болсын, қыз болсын әкенің мейірімін талап етеді. Егерде балалар әкелерімен көп уақыт бірге өткізіп, оның сүйіспеншілігіне бөленіп жатса жақсы болар еді. Бірақ өкінішке орай жұмыстан шаршап келген әке жатып демалғанды қалайды. Егерде әрбір әке баланың оның мейіріміне мұқтаж екенін білсе, бұлай істемеген болар еді.

Әрбір әке өзінің жақсы қасиетін баласынан көргісі келіп тәрбиелей бастайды. Мысалы әкесі баласының спортшы болғанын қалайды. Сөйтіп оны кішкентай кезінен жаттықтыра бастайды, бірақ кейбір кезде оның нәтижесі жақсы бола бермейді. Осы кезде әке балаға ескертулер айтып оны ұялтса, баланың өз-өзіне деген сенімділігі жоғалады. Ал әкенің қолдауы бала үшін қол жетпес бақыт болып табылады, алдағы өмірге деген сенімділігін арттырады.

Ер бала өз әкесіне, жасы үлкен достарына қарап өсе бастайды. Ол өзіне ұнайтын ересектерден үлгі ала отырып, соларға ұқсағысы келеді. Ал егерде үйде әкесі дөрекі, шыдамсыз болса, бала өзін кез-келген жерде ыңғайсыз сезініп ынжық болып өседі. Бұндай бала көбінесе анасына арқа сүйейді, оның мінезін және қызығушылықтарын қабылдай бастайды.

Сондықтан әкесі балам нағыз ер жігіт болып өссін десе, баланы қолтығынан демеп, сөзбен де, іспен де қолдау көрсетуі қажет. Әкесі баласымен қуана отырып шын көңілімен уақыт өткізуі қажет. Бала бұндай жақындықты сезіп, әкесіне өз сырларын айтып ашыла бастайды.

Қыз бала да әкесімен достық қарым-қатынасты талап етеді. Қыз балаға әкесінің қолдау көрсетуі, оның ертеңгі күнге деген сенімін арттыра түседі. Әкесі қызының әдемі көйлегін, шашын немесе өзінің қолымен істеген бір нәрсесін мақтаса, қыз баланың көңілі көтеріліп, қуанып қалады. Сөйтіп қыз бала өсе келе әкесінің пікірімен санасып, ой бөлісетін болады.

Қарқынды ойындар әдетте әкелер қарқынды ойындарды ұнатады. Бұндай ойындардан балалар тез еліріп, түнгі ұйқысы бұзылып, қорқыныш сезімі пайда бола бастайды.

Әкесі баласының ықыласын қайырып мазақтамауы тиіс. Кей кезде әкесі баласына ренжіп, оны мазақтай бастайды. Бұл баланың намысына тиеді, оның бойындағы ыза-кекті өршіте түседі. Сондықтан баланы мазақтап, оның арына дақ түсірудің қажеті жоқ.